

**Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2001-2005 жылдар кезеңіне арналған тұжырымдамасы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 1564 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 қарашадағы № 1170 Қаулысымен

**Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.08 № 1170 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын дамытудың 2001-2005 жылдар кезеңіне арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі осы Тұжырымдаманы іске асыру бағдарламасын 2002 жылдың II тоқсанында заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 4 желтоқсандағы

N 1564 қаулысымен

мақұлданған

Қазақстан Республикасының

телекоммуникациялар саласын дамытудың

2001 - 2005 жылдар

кезеңіне арналған

Тұжырымдамасы

Астана қаласы

2001 жыл

Кіріспе

Республика экономикасының тұрақтану кезеңінің аяқталуы және оның тұрақты өсу жолына өтуі мемлекеттік реттеу және басқару практикасында орташа мерзімді және ұзақ мерзімді индикативтік жоспарлау құралдарын нақты пайдалану үшін объективті алғышарт жасайды.

Перспективалық жоспарлаудың жалпы жүйесінде ірі салалық кешендерді

орташа мерзімді негізде дамыту стратегиясын қалыптастыруға маңызды орын беріледі. Солардың қатарына қазіргі кезеңде барған сайын өркендей түсетін рөлі қоғамдық өмірдің барлық қырларының дүниежүзілік ауқымда ғаламдандыру және ақпараттандыру үрдістерімен айқындалатын телекоммуникациялар саласы  
д а ж а т а д ы .

Телекоммуникациялар дамуы Қазақстанның 2030 жылға дейін Даму К972030 \_ стратегиясының ережелеріне сәйкес жеті ұзақ мерзімді басымдықтардың біріне жататын инфрақұрылымдардың құрамдас бөлігі болып табылады және бұл  
с а л а н ы ң д а м у ы :

ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға;

с а я с и т ұ р а қ т ы л ы қ қ а ;

экономикалық өркендеуге игі ықпалын тигізуі қажет.

Алайда, саланың перспективалық қызмет етуінің тұжырымдамалық негіздерін белгілемейінше, телекоммуникациялар рыногының даму үрдістеріне ішкі және сыртқы факторлар негізінде баға бермейінше, даму сатыларын кезеңдестіру және бөлуді жүргізбейінше, мемлекеттік салалық саясаттың басымдықтарын таңдамайынша, реттеушілер жүйесінің ұтымды эволюциясынсыз, саладағы заңнамалық және нормативтік базаны оңтайламайынша, телекоммуникацияларды дамытудың жоспарлық және болжамдық өлшемдерін қалыптастыру мүмкін емес.

Телекоммуникациялар саласын перспективалық дамытудың шешуші мәнісін жүйелі түрде бейнелейтін тұжырымдамалық құжатты әзірлеу қажеттігі Қазақстан экономикасының неғұрлым серпінді салаларының бірінің объективтік даму үрдістеріне, республиканың телекоммуникация кешенін дамытудың стратегиясы мен тактикасы мәселелері жөніндегі мемлекеттік идеологияны жетілдіру қажеттілігіне байланысты туындап отыр.

Осы тұжырымдамада телекоммуникациялар саласын орташа мерзімді перспективада дамытудың негізгі бағыттары мен өлшемдері қамтылып, табиғи рынок факторларының жиынтық әсері нәтижесінде де және реттеу шаралары мен тетіктері ықпалының негізінде де қалыптасатын телекоммуникациялар рыногындағы ахуал өзгерісінің белгілі бір сценарийі сапалы деңгейде  
ұ с ы н ы л а д ы .

## 1. Саланың жай-күйінің қысқаша сипаттамасы

Республиканың телекоммуникация кешенін дамытудың тиімді стратегиясын әзірлеу мақсатында саланың Қазақстан экономикасының жалпы құрылымындағы рөлі мен алатын орнын анық және айқын түсінудің маңызы зор, өйткені осы арқылы мақсатты айқындау және перспективалық мерзімдегі даму міндеттерінің

құрылымын жасау мүмкін болады.

Телекоммуникациялар - байланыстың өте маңызды құрамдас бөлігі, ол өнімі хабар беру және хабар беру үшін техникалық құрал-жабдықтар ұсыну түріндегі қызмет көрсетулер болып келетін қоғамдық өндіріс саласы болып табылады. Телекоммуникациялар саласы телекоммуникациялар желілері мен ақпарат беруді жүзеге асыратын және тұтынушыларға телекоммуникациялар қызмет көрсетулерін іске асыратын қызметтердің жиынтығынан тұрады.

Саланың Қазақстан Республикасы инфрақұрылымының құрамдас бөлігі ретіндегі рөлі мен маңызы телекоммуникациялардың төмендегідей қызметімен т ұ ж ы р ы м д а л а д ы :

елдің күнделікті тіршілік қажеттерін қамтамасыз етеді.

Қазіргі жағдайда өмірдің мемлекеттік, қоғамдық, шаруашылық салалары және адам өмірі телекоммуникация құралдарынсыз аттап баса алмайды; мемлекетті басқару және ұлттық қауіпсіздікті сақтау құралымен қамтамасыз етеді. Мемлекет жыл сайын барлық бюджеттік шығындардың 1,5-2% мөлшерінде телекоммуникациялар қызметін тұтынады;

қазіргі заманғы бизнесті және экспорттық қызметті дамыту үшін қажетті шарттардың бірі болып табылады. Сала жыл ішінде еліміздің шаруашылық кешеніне және тұрғындарына жүздеген миллион қызметтер көрсетеді. Байланыс басқа салалардың өндірістік шығындарының қажетті және елеулі құрамдас бөлігі б о л ы п т а б ы л а д ы ;

ірі және серпінді дамитын сала болып табылады. Телекоммуникациялар саласының 2000 жылғы өндіріс көлемі 50 млрд. теңгені немесе республиканың жалпы ішкі өнімінің 2% құрады. Телекоммуникациялар тұтас алғанда, экономикадан тез өседі және бұл соңғы онжылдықта дамушы елдердің барлық секторларының үрдісі болды. Сала кәсіпорындарының мемлекеттік бюджетке 2000 жылы аударған салықтық аударымдары 1999 жылмен салыстырғаннан 66% дерлік өсіп, 11 миллиардтан астам теңгені немесе мемлекеттік бюджеттің барлық жоспарланған түсімдерінің 3,2% құрады;

кәсіпкерлік қызметтің қызығарлық саласы болып табылады. Еліміздің экономикасындағы нарықтық өзгерістердің дамуы барысында телекоммуникациялар экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда неғұрлым мол кірісті қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлер назарын аударатын нысанаға айналды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарын , жеке және заңды тұлғаларын байланыс қызмет көрсетулерінің қажетті түрлерімен қамтамасыз ету жөніндегі байланыс операторларының қызметін мемлекеттік реттеу және бақылау мақсатында 1996 жылы байланыс саласындағы қызметті лицензиялау енгізілді. 1996 жылдың қараша айынан 2000 жылдың желтоқсан айына дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының Көлік және

коммуникациялар министрлігі 600 жуық лицензия берді, оның 75% телекоммуникациялар саласының үлесіне тиеді;

көп жұмыс орындарын беруші тұрақты көз болып табылады. Телекоммуникациялар саласында 35 000 астам қызметкер тікелей жұмыс істейді, бұл экономика салалары бойынша жұмысқа қамтылғандардың шамамен 1 пайызын құрайды. Сонымен қатар бұл сала үлкен көлемде құрылыс жүргізу, қазақстандық кәсіпорындар өндірген құрал-жабдықтар мен кабель өнімдерін сатып алу арқылы экономиканың басқа да салаларындағы жұмыс орындарын сақтауды және жаңаларын ашуды қамтамасыз етеді. 2000 жылы күрделі құрылысқа 79,13 млн. АҚШ доллары, оның ішінде "Қазақтелеком" ААҚ бойынша 70 млн. астам доллар бөлінді. Саладағы орташа жылдық еңбекақы жалпы республикалық деңгейден 20% жоғары, мұның өзі салаға білікті кадрларды тартуға және саланы дамытуды әлемдік стандарттарға сәйкес жүзеге асыруға мүмкіндік берері сөзсіз;

ауылдық және қалалық аймақтар арасындағы экономикалық миграцияны азайтады, жаңадан жұмыс орындарын ұсыну мүмкіндігі арқылы әлеуметтік саладағы теріс құбылыстарды жоюға ықпал жасайды;

тұрғындардың ақпаратқа қол жеткізу кепілдігін қамтамасыз етеді, мұның өзі жолдардың нашар жай-күйі, жекелеген аймақтардың шалғайлығы және жолаушы тасымалына жоғары тарифтер жағдайларында аса қажетті болып табылады;

халықаралық экономикалық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді.

Телекоммуникациялар көрсетілетін қызмет көлемін ұдайы өрістететін, серпінді дамитын экономика саласы болып табылады.

1-график. Қазақстан Республикасында көрсетілген телекоммуникациялар қызметтерінің динамикасы

(графикті қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Қазақстан Республикасындағы телекоммуникациялар желілерінің ағымдағы жай-күйін төмендегідей шешуші сандармен сипаттауға болады:

Қазақстанда орташа телефон тығыздығы 2001 жылдың басында еліміздің 100 тұрғынына шаққанда 13,64 телефоннан, оның ішінде қалаларда - 20,9 телефоннан, ауылдық жерлерде - 4,52 телефоннан айналды. Қазақстан осы көрсеткіш бойынша бұрынғы одақтас республикалар арасында жетінші орынға ие;

телекоммуникациялардың жергілікті желілері 3009 станциядан тұрады, олардың 580 - қалаларда, ал 2429 - ауылдарда орналасқан. Станциялардың орнатылған жалпы сыйымдылығы 2 418 371 нөмірден, іске қосылған сыйымдылық 1 851 975 нөмірден тұрады, соның ішінде цифрлық нөмірлер 547 211 немесе жалпы іске қосылған сыйымдылықтың 29,5%;

бүгінгі күнге республикадағы магистральдық арналардың жалпы ұзақтығы 186 770,2 мың арна/км құрайды, оның ішінде 142 198,3 мың арн./км. хабар

берудің цифрлық жүйелерінен құрылған.

2-график. Көрсетілген телекоммуникациялық қызмет көлемінің динамикасы ("Қазақтелеком" ААҚ мәліметтері)

(графикті қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Телефондық тығыздық мөлшері әр адамға шаққанда жалпы ішкі өнімнің мөлшері арқылы айқындалатын елдің экономикалық әлеуетімен тығыз байланысты. Мемлекеттің жалпы ішкі өнім мөлшері мен телефондық тығыздық деңгейінің арасындағы өзара байланыс түзу сызықты тәуелділікке неғұрлым жақын болса, инфрақұрылым мен ел экономикасының арасындағы өзара байланыс солғұрлым тепе-теңдікте болады.

Қазақстанның жағдайы (жан басына шаққанда ЖІӨ - жылына 1060 АҚШ долларына тең) сөз жүзінде байланыстың даму деңгейі ел экономикасының даму деңгейінен алда екендігін растайды. Ағымдағы телефондық тығыздық халықтың жан басына шаққанда шамамен 4500 АҚШ долларына сәйкес келеді. Мұндай жағдайда сала кірісінің өсу стратегиясы телефон аппараттары санының өсуіне емес, негізінен трафиктің табиғи өсуіне, жаңа қызметтер түрлерін енгізуге, оның ішінде қосылған құн салығымен бірге қызмет түрлерін енгізуге сүйенуі тиіс.

Жаңғырту процесі ұлттық телекоммуникациялар желілерінің барлық деңгейлері мен құрамдас бөліктерін қозғады. Соңғы үш жылда желіні толық көлемді жаңарту мен кеңейтудің негізін қалаған елеулі өзгерістер орын алды:

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ұзақтығы 1750 км Транс-Азия-Еуропалық талшық-оптикалық байланыс торабы (ТАЕ), ұзақтығы 137 км Петропавл-Корниловка (Ресей) Солтүстік талшық-оптикалық байланыс т о р а б ы ( Т О Б С ) с а л ы н д ы ;

ұзақтығы 2528 км Шымкент-Қызылорда-Ақтөбе-Атырау-Ганюшкино Батыс талшық-оптикалық байланыс желісі салынды және пайдалануға берілді;

ұзақтығы 1140 км Алматы-Қарағанды цифрлық радиорелелік торап салынды және осылайша Алматы-Астана-Петропавл-Ресей радиалды тармағы бойынша Ресейге цифрлық шығу ұйымдастырылды, ол Орта Азия-Ресей арналары транзитін сапалы жаңа деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

Алматы мен Астана қалаларының цифрлық телефон станцияларын қосу үшін Астана-Өскемен-Алматы аналогтік радиорелелік желісі бойынша транзиттік трафиктің цифрлық арналарымен өткізу үшін және GSM стандартты ұялы байланыстың мұқтажы үшін 34 Мбит/с цифрлық ағын ұйымдастырылды;

Алматы қаласындағы "Орбита" спутниктік станциясын қайта жаңарту жүргізілді, сондай-ақ Алматы, Ақтау, Атырау қалаларында Интелсат

халықаралық спутник жүйесінің станциялары орнатылды, олардың арасында спутниктік байланыстың магистральдық арналары ұйымдастырылды және Германияға, Англияға, Швейцарияға, Ресейге, БАӘ мен Канадаға жаңа бағыттар ашылды;

республиканың шалғай және адамдар аз қоныстанған аудандарында байланысты қамтамасыз ететін Ұлттық спутниктік ауылдық байланыс желісінің құрылысы жүргізілуде. 182 ДАМА цифрлық спутниктік станция, оның ішінде осындай аудандардың елді мекендерінде - 149-ы пайдалануға берілді;

Алматы қаласының Халықаралық коммутация орталығы (ХКО) мен Орал, Тараз, Ақтөбе және Астана қалаларындағы автоматты қалааралық телефон станцияларының (АҚТС) жабдықтарын жаңарту аяқталды. Астана қаласында ХКО салынды және 2001 жылғы қыркүйекте пайдалануға берілді. Бұл қалааралық цифрлық телекоммуникациялар желісін құруды аяқтауға мүмкіндік берді.

## 2. Тұжырымдаманың негізгі мақсаттары мен міндеттері

Телекоммуникациялар саласын дамыту тұжырымдамасының мақсаты экономика мен қоғамның барлық субъектілеріне қол жеткізімді ғаламдық ақпараттық инфрақұрылымға кіріктірілген тиімді ұлттық телекоммуникациялық қызмет көрсету жүйесін құру бағытындағы негізгі шарттар мен мемлекеттік саясатты белгілеу болып табылады.

### 2.1. Бірінші деңгейдегі мақсаттар мен міндеттер

Телекоммуникацияларды дамытудың әлемдік үрдістері мен осы саланың ағымдағы жай-күйін талдауға сүйене отырып, қойылған мақсатқа мына мәселелерді шешу арқылы қол жеткізілуі тиіс:

1) телекоммуникациялар саласын мемлекеттік реттеудің орта және ұзақ мерзімді кезеңдегі негізгі қағидаттарын айқындау:

Қағидаттар саланың жекелеген құрылымдарын дамытудың және қызметінің ағымдағы міндеттерін айқындау кезіндегі бағдар болуға қызмет етуі тиіс.

2) телекоммуникациялар саласын дамытуды ынталандыратын мемлекеттік реттеу мен бақылаудың тиімді жүйесін құру.

Нарықтық қатынастар жағдайына барабар, әрқайсысына іске асыру мен орындалуын бақылау тетігі ілесе жүретін заңдардан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларынан, байланыс саласындағы уәкілетті органның құқықтық кесімдерінен тұратын нормативтік құқықтық базаны жедел құру қажет.

3) Байланыс қызметтерінің тізбесін кеңейту және Қазақстан Республикасының халқы мен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің телекоммуникациялар қызметтеріне әмбебап қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Әмбебап қол жеткізу тұжырымдамасы Қазақстанның телекоммуникациялар саласын дамыту басымдықтарын айқындауда маңызды рөл атқарады және барлық дамыған елдердің рыноктарын реттеу жүйесінің орталық аспектісі болып табылады.

Әмбебап қол жеткізу - бұл кез келген азаматтың кез келген сәтте кез келген жерде бір бөлігі Қазақстанның телекоммуникациялық желісі болып табылатын ғаламдық телекоммуникациялар желісінің кез келген қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндігі.

Әмбебап қол жеткізуді қамтамасыз ету - телекоммуникацияларды дамытудың мемлекеттік бағдарламалары бағдар тұтатын мақсат.

## 2.2. Екінші деңгейдегі мақсаттар

Негізгі мақсат - бірыңғай техникалық және ұйымдастырушылық идеология негізінде дамитын және жұмыс істейтін жоғары сапалы ішкі және халықаралық алмасуды, телекоммуникациялар қызмет көрсетулерінің барлық түрлерін дамыту үшін қуатты базаны, сонымен бірге оларға бейбіт және соғыс уақытында, төтенше жағдайлар туындағанда және аса маңызды жұмыстар мен іс-шараларды жүргізу кезінде жүктелген міндеттерін орындау үшін басқару қорғаныс, қауіпсіздік және құқық қорғау мемлекеттік органдарының мүддесінде қамтамасыз ететін Қазіргі заманғы телекоммуникациялар желісін құру.

Осы мақсатты орындау үшін байланыс операторлары орта мерзімдік перспективада мынадай параметрлерге қол жеткізуге күш салады:

(А) Республиканың телекоммуникациялар желісін дамыту.

Республиканың телекоммуникациялар желісінің даму дәрежесін сипаттайтын параметрлер:

телефондық тығыздық (елдің 100 тұрғынына шаққанда негізгі телефон аппаратының саны);

барлық телекоммуникация желілері абоненттерінің тығыздығы (елдің 100 тұрғынына шаққанда, мобильдіктерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының барлық телекоммуникациялар желілерінің абоненттері);

қоғамдық телефондардың тығыздығы (елдің 1000 тұрғынына шаққанда электрондық таксофон саны);

елдің 1000 тұрғынына шаққанда Интернетті пайдаланушылар саны; жергілікті желілердің цифрлық жабдықтармен жарактандырылу деңгейі (жалпы құрастырылған сыйымдылықтардағы цифрлық станциялардың нөмірлерінің үлесі);

магистралдық желінің цифрлық жабдықтармен жарактандырылу деңгейі (магистралдық арналардың жалпы ұзақтығындағы цифрлық арналардың үлесі (арна-км)).

1-кесте. Телекоммуникациялар желісінің даму кезеңдері:

---

! 2000 ! 2001 ! 2002 ! 2003

---

---

Телефондық тығыздық

---

---

Барлық телекоммуникация желілері  
абоненттерінің тығыздығы

---

---

Қоғамдық телефондардың  
тығыздығы

---

---

Интернетті пайдаланушылардың  
тығыздығы

---

---

Жергілікті желілердің цифрлық  
жабдықтармен жарақтандырылу  
деңгейі

---

---

Магистральдық арналардың  
цифрлық жабдықтармен  
жарақтандырылу деңгейі

---

Осындай даму деңгейіне қол жеткізу үшін телекоммуникациялар саласына бес жыл ішінде 450 миллион АҚШ долларын, олардың ішінде үштен бірін - ұлттық ақпараттық супермагистраль құруға инвестициялау қажет.

Инвестиция көздері - байланыс кәсіпорындарының өз қаражаты, заемдар мен шетелдік және отандық инвесторлардың кредиттері болып табылады.

(Б) Әмбебап қол жеткізу және көпшілік қолданыстағы (әмбебап) қызметтер.



Әмбебап қызметтер мағынасында елдің әрбір тұрғынына, оның географиялық және әлеуметтік жағдайына қарамастан, бағалары бойынша да қол жеткізімді телекоммуникациялар қызметтерінің ең аз жиынтығы түсініледі. Осы ұғымның маңызды элементі - тұрғынның жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісіне техникалық және бағасына қол жеткізу мүмкіндігі - әмбебап қол жеткізу б о л ы п т а б ы л а д ы .

Сапаның берілген параметрлері бар көпшілік қолданыстағы телекоммуникация қызметтерінің ең аз тізбесін байланыс саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Өзгеріп отыратын технологиялар көпшілік қолданыстағы қызметтер пакетін әрбір бірнеше жыл сайын қайта қарауға әкеп соқтырады.

Орта мерзімді перспективада әмбебап қызметтің мына өлшемдерін бекітуге болады, мемлекет Қазақстан Республикасының саны 200 адамнан асатын кез келген елді мекенінің тұрғынына оны алуға кепілдік береді:

2-кесте. 2005 жылға дейінгі кезеңдегі әмбебап қызметтердің өлшемдері:

---

Қызмет элементі	!	Мазмұны
Қол жеткізу	!	1. Жалпы пайдаланыстағы !телекоммуникациялар желісіндегі дауыстық !телефондама 2. Абоненттік желінің сапасы дерек тарату !жылдамдығын 9 кбит/сек қамтамасыз етуге !мүмкіндік береді
Міндетті пакет	!	1. Жедел жәрдем қызметтерін тегін шақыру 2. Оператордың қызмет көрсетуі 3. Анықтама қызметі

---

---

Қазіргі уақытта тұтастай республика бойынша әмбебап қол жеткізу өлшемдеріне жауап бермейтін елді мекендердің саны 2000 жуық.

Мұндай қол жеткізуді қамтамасыз ету әрбір кентте дауыс телефондамасының, электрондық почтаның, факсимильдік хабарламалар жіберу, Интернет жүйесіне қол жеткізу және т.б. қызметтер көрсететін ұжымдық пайдалану пункттерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Алдын ала бағалау бойынша осы елді мекендерді әмбебап қызметтермен қамтамасыз ету бағдарламасын орындауға 60 миллион АҚШ долларынан артық күрделі шығындар және пайдалану қызметі бойынша шығындарды жабуға жыл сайын 30 млн. астам доллар қажет.

### 3. Телекоммуникациялар саласын дамытуға ықпал ететін негізгі факторлар

Телекоммуникациялар саласын дамыту сыртқы және ішкі сипаттағы бірқатар факторлардың ықпал етуімен жүзеге асырылады. Бір жағынан, рынок шаруашылығының кез келген бөлігі ретінде телекоммуникация кешені рынок конъюнктурасының ауытқуларын сезіне отырып, табиғи рынок тетіктерінің ықпалымен дамиды. Екінші жағынан, республика экономикасы үшін маңыздылығына және Қазақстанның ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігіне орай, сондай-ақ телекоммуникациялық рыноктың өте монополияландырылуына байланысты сала мемлекеттің күшті реттеуші ықпалына қалып отыр.

#### 3.1. Макроэкономикалық орта

Инфрақұрылымдық кешен саласы бола отырып, телекоммуникациялар саласы заңды тұлғалар мен халықтың мұқтажын қызметтермен қамтамасыз ете отырып қызмет көрсетуші рөл атқарады. Осыған байланысты республикадағы макроэкономикалық ахуал, экономика саласының, қаржы-бюджеттік саланың жалпы жағдайы, халықтың өмір сүру деңгейі мен төлем қабілеттілігі телекоммуникациялар қызметтерін сату деңгейін айқындай отырып, сала кәсіпорындарының жай-күйіне елеулі әсер етеді.

Қазіргі бар халық саны мен республика экономикасының масштабында телекоммуникациялық рыноктың сыйымдылығы өте шектеулі болып табылады және сату көлемдерін арттырудың және осының негізінде өзінің қаржы жағдайын жақсартудың айқындаушы факторы операторлардың техникалық мүмкіндіктері емес, жан басына шаққандағы кірістің мөлшері болып табылады.

Телекоммуникациялар қызметтерін көбірек сату мүмкіндігін шектейтін екінші фактор қызмет көрсету саласында құру мен сату сәттері дәлме-дәл келетін

жағдай болып табылады, осының салдарынан қызмет көрсетулерді керегінен артық сату және қоймаға жинау мүмкін емес.

Телекоммуникациялар рыногы ахуалының жалпы республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға осындай тәуелділігі саланы қайта реформалау процестері ұлттық экономиканы дамыту деңгейімен және жан басына шаққанда кірістің серпінімен тығыз байланысты болуға тиіс екені туралы қорытынды жасауға болады. Бұл қорытындыны бірқатар шет елдердің рыногын ырықтандыру іс-тәжірибесі де растайды.

Осымен бірге, телекоммуникациялар қызмет көрсетулері ұдайы сұранысқа ие , осы саланың тұрақты жұмыс істеуіне негіз болып табылатын, маусымға, тұтынушылардың тұратын жеріне тәуелсіз дерлік сала болып табылатынын айту қ а ж е т .

### 3.2. Мемлекеттік реттеудің ерекшеліктері

Ұлттық инфрақұрылым мен экономиканың маңызды элементі бола отырып, телекоммуникациялар саласы сыртқы жағдайлар кешені ықпалында және оның дамуы мемлекеттік мүдделер тұрғысынан:

ұлттық желінің жай-күйіне, ел азаматтарын телекоммуникациялар қызметтерімен қамтамасыз ету мөлшері мен сапасына, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін орындауға қойылатын талаптармен;

телекоммуникациялардың елдің экономикалық өркендеуін қамтамасыз етудегі, халықтың әлеуметтік-мәдени деңгейін қалыптастырудағы орны мен р ө л і н с е з і н у м е н ;

нәтижесінде, олардың тиісті іс-шаралар кешенін қабылдаумен және іске а с ы р у м е н а й қ ы н д а л у ы т и і с .

#### 3.2.1. Саланы реттеуді ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз ету

Байланыс саласында қолданып жүрген нормативтік база "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Z990382\_ Заңынан, "Қазақстан Республикасында почта байланысы мен телекоммуникациялар саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау, радиожілік спектрін пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1443 P961443\_ қаулысынан, байланыс саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық кесімдерімен бекітілген Телекоммуникациялар желілерін жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісіне қосу және Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілері бойынша телефон трафигін өткізуді реттеу тәртібі туралы ережеден, Қазақстан Республикасының өзара байланысқан телекоммуникациялар желісі операторларының ұйымдастыру-техникалық өзара іс-қимыл жасау ережелерінен, Жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісін құрайтын телекоммуникациялар операторлары арасында ұсынылатын желі ресурстары мен

телефон трафигін өткізу үшін өзара есеп айырысуды жүргізу V960247\_ ережелерінен, Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін V970461\_ көрсету, телеграф байланысы мен сым арқылы хабарлау қызметтерін көрсету V970387\_ ережелерінен тұрады. Көптеген нормативтік құжаттардың ескіргенін ескерсек, мұның аздық етері анық. Стандарттарды, техникалық нормалар мен басқа құжаттарды әзірлеу іс жүзінде жүзеге асырылмайды.

Лицензиялаудың рәсімі мен шарттары тиянақты пысықтауды қажетсінеді. Лицензиялау заңнамасының ағымдағы жай-күйі (лицензиялардың мерзімсіздігі, жыл сайынғы лицензиялық төлемді алып тастау, шағын бизнес өкілдері үшін ерекше жағдайлар жасау), сондай-ақ лицензияны кері қайтарудың күрделі рәсімі телекоммуникациялар желілерін дамыту және тиісті деңгейде қызметтер көрсету жөнінде міндеттемелерді орындауға байланысты операторларының жауапкершілігін күшейте отырып, телекоммуникациялар саласындағы лицензиялау ережелерін уәкілетті органның тарапынан лицензия шарттарының орындалуына бақылауды түпкілікті қайта қарау қажеттігін туындатып отыр. Лицензияның шарттарын бұзған операторға ықпал етудің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шаралары (оның қолданылуын тоқтату, әкімшілік айыппұл), сала ерекшелігін ескерсек, жазалау сөз жүзінде қалып отыр. Экономикалық санкцияларды қатайту қажет.

### 3.2.2. Саладағы сертификаттау мен стандарттау

Саладағы сертификаттау мен стандарттау қызметі Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасымен реттеледі, байланыс саласындағы уәкілетті органның жәрдемімен байланыс құралдарын сертификаттау жөніндегі органдар құрылды, оларды стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган тіркеді.

Сертификаттау - бұл белгіленген техникалық нормаға сәйкес келмейтін байланыс құралдарын пайдалануға сол арқылы тосқауыл және байланыс қызметі сапасына талаптар қойылатын құрал. Сертификатталмаған байланыс құралдарының заңсыз әкелінуін бақылауды күшейту және қатаң шаралар қажет. Бүгінгі күні сәйкестігіне сертификаттау өткізілуі тиіс тиісті нормативтік құжаттарды әзірлеу жөнінде стандарттау саласында іс жүзінде жұмыс жүргізіліп отырған жоқ, байланыс қызметтерін сертификаттау бағдарламасы әзірленбеген. Байланыс жабдықтарының халықаралық сертификаттарын тану жөніндегі жұмысты жандандыру қажет.

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар мен басқа да нормативтік кесімдер қорын қалыптастыру функцияларын (оларды әзірлеуді, стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы уәкілетті органға заңнамада белгіленген тәртіппен бекітуге және тіркеуге ұсынуды және көбейтуді қоса алғанда) жүктеуге болатын стандарттау жөніндегі мемлекеттік емес жұмысшы

орган - салалық техникалық комитет құру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесі  
б о л ы п о т ы р .

### 3.3. Рыноктың құрылымы және оның субъектілерінің арасындағы ө з а р а қ а р ы м - қ а т ы н а с т а р

Қазіргі уақытта телекоммуникация рыногының барлық секторлары сөз жүзінде операторлардың еркін бәсекелестік аймағы болып табылады. Рынокқа қатысушылар санына қойылатын кейбір шектеулер Қазақстанның табиғи ресурсы - радиожиилік спектрінің табиғи шектеуімен ғана байланысты. Бұл радиожиилікті пайдалануға байланысты қызмет түрлеріне берілетін лицензиялардың санын шектеуге әкеп соғуда.

Бұған тек қалааралық және халықаралық байланыс қызметтері жатпайды. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылы "Қазақтелеком" ААҚ-ға ұлттық байланыс операторы мәртебесін тағайындаған болатын және жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілерінен жүзеге асырылатын осы қызмет түрлерін көрсетуге айрықша құқық берген болатын. Екінші жағынан "Қазақтелеком" ААҚ-ға шығынды әлеуметтік маңызы бар байланыс түрлерімен - ауылдық байланыспен, телеграфпен және сымдық хабар қызметтерімен жаппай қамтамасыз ету жөнінде міндеттемелер жүктелді. Сондықтан Қазақстандағы ырықтандырылған телекоммуникациялар рыногына өту бір оператордың айрықша құқығын жоюды және шығынды қызметтер секторына басқа операторларды тартуды көздейді.

Бүгінгі күні деректер тарату, Интернет, мобильдік телефондама, шақырудың дербес құралдары, корпоративтік бизнес-клиенттерге телекоммуникациялық қызметтер көрсету рыногында жоғары дәрежедегі бәсекелестік сақталуда.

Жергілікті телефон байланысы қызметтерінің рыногында бәсекелестік іс жүзінде дамымаған, өйткені бүгінгі күні жергілікті желілерді пайдаланумен қызмет көрсету саласы заңнамамен табиғи монополия ретінде анықталған және оларға мемлекет реттейтін тарифтер жеткілікті тиімділікті қамтамасыз ете алмайды, ал ауылдық жерлерде, тіпті, қызмет көрсетулердің өзіндік құнын өтей д е а л м а й д ы .

Жергілікті телефон байланысы қызметін ұлттық оператордан басқа, негізінен, бұрын әртүрлі мемлекеттік органдарға тиесілі болған ведомстволық желілердің иелері ұсынады, олар желіні бірінші кезекте өндірістік мұқтаждарды қамтамасыз ету үшін пайдаланады. Жергілікті

телефон байланысы қызметтерін көрсетуге арналған лицензиялардың 30% астамын осындай иелер алған. Жергілікті телефон байланысы қызметтері рыногындағы басқа байланыс операторларының алатын үлесі 15% аспайды.

Қазіргі уақытта байланыс рыногында 300-ге жуық байланыс операторлары

жұмыс істейді, берілген лицензиялардың жалпы саны - 600-ден астам.

3-кесте. Берілген лицензия саны және оларды қызмет түрлері бойынша бөлу

	! 1996-	! 1998	! 1999	! 2000	! Барлығы
	! 1997	!	!	!	
Қалааралық және халықаралық байланыс қызметтері	7	8	3	0	22
Деректер тарату қызметтері	9	16	26	36	87
Жергілікті телефон байланысы қызметтері	31	21	22	17	91
Жылжымалы радиотелефон байланысы қызметтері	21	25	13	15	74
Ұялы байланыс қызметтері	0	3	0	0	4
Дербес радиоландыру қызметтері	34	20	7	13	
Теле- және радиохабар бағдарламаларын эфир бойынша тарату	24	30	1	67	122
Кабельдік теледидар қызметтері	2	8	1	0	11
Өзге де қызметтер	1	22	33	39	108

#### 4. Мемлекеттік саясат бағыттары және телекоммуникация саласын орта мерзімді перспективада дамытудың негізгі кезеңдері

##### 4.1. Саланы мемлекеттік реттеуді жетілдіру

Қазақстан Республикасының телекоммуникацияларды дамыту саласындағы мемлекеттік саясаты мына қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс:

телекоммуникация саласын дамытудың бүтіндей ел экономикасының дамуы мен өзара үйлесімділігі;

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік мүдделерін, егемендігін және қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету;

телекоммуникациялар рыногын дамытуға себеп болатын ашық, айқын, әділетті нормативтік база;

стратегиялық салаларда мемлекеттің рөлін күшейту, тиімді мемлекеттік саясат жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

республика азаматтарының телекоммуникациялар қызметтеріне әмбебап қол жеткізуін қамтамасыз ету;

телекоммуникациялар рыногына барлық қатысушылар үшін еркін және тең құқықты бәсекелестікті ынталандыру және қамтамасыз ету;

инвестицияларды ынталандыру және көтермелеу;

жаңа жұмыс орындарын ашуды ынталандыру және көтермелеу;

желілерде халықаралық талаптарға сәйкес бірыңғай техникалық стандарттар мен сапа стандарттарын қолдану;

қоғамның операторлардың қызметі, рынок және телекоммуникациялар желілерінің жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз етілуін жоғарылату.

2005 жылдың соңына дейін телекоммуникациялар саласында мемлекеттік саясатты іске асыру үшін байланыс саласын реттеуші қазіргі мемлекеттік органдардың, олардың реттеу функцияларының бір бөлігін жаңа мемлекеттік органға (реттеушіге) бере отырып, біртіндеп түрленуін көздеу қажет.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тап осындай реттеушілер қолданыстағы реттеуші тетіктерді әзірлеуді жоғары деңгейде қамтамасыз етеді және оларды барлық операторлардың мүддесінде әділетті, тең құқылы, ашық пайдалануға кепіл бола алады.

Реттеушіні құру алдында оның басқару функцияларын іске асыру тетіктерінің әзірленуі және оны ұстауды қаржыландыру, соның ішінде әралуан уәкілетті органдардың міндеттерін айқын межелеуді көздейтін заңнама кесімдерінің тиісті ж о б а с ы ә з і р л е н у і т и і с .

Мемлекеттік реттеудің аса маңызды салаларына мыналар жатады:

#### 4.1.1. Лицензиялау

Лицензиялау бүтіндей алғанда телекоммуникациялар саласы мен оның жекелеген сегменттерін дамытуда, бәсекелестікті арттыруда және рынокқа қатысушылар санын арттыруда мемлекеттік саясатты іске асырудың негізгі қ ұ р а л ы б о л а д ы .

Осы мақсатқа іс жүзінде жету үшін, лицензияларды алудың, шарттарын сақтауды бақылаудың және кері қайтарып алудың айқын және ашық рәсімдерін қамтамасыз ету үшін реттеуші органның тиісті нормативтік базасын пысықтау ж ә н е т о л ы қ т ы р у қ а ж е т .

Ең алдымен телекоммуникациялар қызметін үш санат бойынша бөлу, олардың әрқайсысы үшін өзінің реттеу деңгейін белгілеу қажет.

Бірінші санатқа оларды ұсыну үшін ұлттық ресурстардың (радиожиілікті немесе нөмірлік) бөлінуі қажет немесе ұсынылуының тұтастай қоғам мен халық үшін үлкен маңызы (байланыстың әмбебап қызмет көрсетулері) бар телекоммуникациялар қызметтерін жатқызу қажет. Мәселен, бұл белгіленген желілер арқылы деректер беру және дауыстық байланыс, спутниктік байланыс желілері қызметтері. Мұндай қызметтер тек байланыс саласындағы уәкілетті орган беретін лицензиялар негізінде ұсынылуы мүмкін.

Екінші санатқа оларды өндіру үшін байланыс операторлары бұрыннан бар телекоммуникациялар желілерін пайдаланатын (арналар, байланыс желілерін жалға алу) қызметтерді, мысалы Интернет желісіне өтуге қызмет көрсетуді жатқызуға болады. Мұндай жағдайларда байланыс саласындағы уәкілетті орган өзі белгілеген шарттармен байланыс операторын қарапайым тіркеуі қажет.

Үшінші санатқа меншікті немесе жалға алған желілік немесе коммутациялық жабдығы жоқ және пайдаланушыларға тиісті лицензиялардың негізінде жұмыс істейтін өзге байланыс операторларының қызметін ұсынатын, "қызмет жеткізушілер" деп аталатындар ұсынатын қызметтерді жатқызуға болады. Бұл субъектілердің арасындағы қарым-қатынас олардың арасында жасасқан шартпен р е т т е л е д і .

Бұдан басқа, осы санаттардың әрқайсысына телекоммуникациялар қызметтерін ұсынуды ұйымдастыру үшін міндетті стандарттық талаптар мен шарттарды әзірлеу, сондай-ақ бейбіт және соғыс уақытында арнайы оперативті-техникалық іс-шараларды өткізудің техникалық мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды әзірлеу қажет.



Осындай стандарттық талаптар мен шарттарды бекіткеннен кейін жұмыс істейтін операторларды есепке алу және оларға тиесілі лицензияларды заңнамада белгіленген тәртіппен жаңа ережелерге сәйкес келтіру жөніндегі жұмыстар ұйымдастырылады.

Байланыс саласындағы уәкілетті орган лицензия шарттарын сақтауға лицензиаттар мен лицензиардың жауапкершілік аспектілерін кешенді анықтайтын нормативтік құжаттарды әзірлеуі және бекітуі, сондай-ақ телекоммуникациялар саласындағы лицензиялау ережелерінің негізгі қағидаттарын айқындайтын "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Z990382\_ Заңына өзгерістер енгізуі қажет.

#### 4.1.2. Операторлардың өзара іс-қимылы

Қазақстан Республикасының байланыс операторларының өзара есеп айырысуы мен телекоммуникациялар желілері түйіндесуінің жаңа ережелерін бекіту осы саладағы жүйе құраушы элемент болуы тиіс.

Телекоммуникациялар желілері түйіндесуінің жаңа ережелері телекоммуникациялар рыногында басым жағдайға ие телекоммуникация желілерінің операторлары үшін барлық операторларға бірдей есеп айырысудың бірыңғай ережелері мен әдістемелері негізінде өз желісіне басқа операторлардың қосылуына рұқсат беру міндеттілік қағидатына негізделеді.

Қосылудың техникалық мүмкіндіктерін, шарттарын және мерзімдерін байланыс саласындағы уәкілетті органның тиісті сертификатын алған тәуелсіз жобалау ұйымдары анықтауға тиіс.

Желілік ресурстарды пайдалану кезіндегі өзара есеп айырысудың негізгі қағидаты - өткізілген трафик көлеміндегі есеп айырысулар. Сәйкесінше, телекоммуникация желілерінің түйіндесу ережелеріне желінің барлық деңгейінде трафикті есепке алуды (биллинг) жүзеге асырудың міндетті талабы енуі тиіс. Биллингтің бағдарламалық құралдарын сертификаттау саласындағы уәкілетті орган сертификаттауға тиіс. Бір деңгейдегі операторлардың өзара есеп айырысуы үшін қолданылатын ставкалар тең болуы тиіс.

Бір желінің екіншіге қосылуы кезінде жеке төлемнің бар болуы орта мерзімдік келешекте операторлар саны мен желі өлшемдерін айтарлықтай ұлғайтқан кезде жойылады. 2003 жылға қарай операторлар төлем төлемей-ақ, тек өткізілген трафиктің көлемі үшін есептесу арқылы бір-біріне қосылады деп жорамалдауға болады.

Бәсекелестікті дамытуға мүмкіндік туғызатын жағдайларды қамтамасыз ету үшін алыс телефон байланысы қызметтерінен аударым ставкаларын (тарифтерін) уәкілетті мемлекеттік орган бекітуі және барлық операторлар үшін бірдей болуы тиіс.

Өтпелі кезеңдегі қосылу төлемін анықтау әдістемесі монополияға қарсы

реттеу саласындағы уәкілетті органның қатысуымен әзірленуі және бекітілуі тиіс

#### 4.1.3. Шектеулі мемлекеттік ресурстарды бөлу мәселелері (А) Радиожиілік спектрі.

Қазақстан Республикасының радиожиілік спектрін (РЖС) пайдалану тұжырымдамасын әзірлеу және бекіту қажет.

Т ұ ж ы р ы м д а м а :  
а з а м а т т ы қ м ұ қ т а ж ;  
ү к і м е т т і к б а й л а н ы с ;

қорғаныс және құқық тәртібін қамтамасыз ету органдары үшін жиілік бөлуді көрсетуі тиіс;

Тұжырымдама радиожиілік спектрін айырбастау және оны пайдалану тәртібін жалпыға бірдей қабылданған әлемдік тәжірибеге келтіру мәселелерін қамтуы тиіс. Сонымен қатар түйінді мәселенің бірі радиожиілік спектрін пайдаланудың тиімді бақылау жүйесін құру болып табылады.

РЖС бөлуде реттеуші органның баға саясаты операторлар қызметін ынталандырудың тиімді құралы болып табылатындықтан, ұсынылып отырған тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде РЖС пайдаланғаны үшін ставка қалыптастыру әдістемесін жасап, олардың экономикалық үйлесімділігі мен икемділігін қамтамасыз ету қажет. Мемлекеттік саясат тұрғысынан басымдықта болып саналатын салаларда, әсіресе селолық байланысты қамтамасыз ететін радиотехнологияларды қолдану жағдайларында, төмендеткіш коэффициенттерді қолдануды алдын ала қарастыру қажет.

#### (Б) Нөмірлік жоспар.

Жаңа нөмірлік жоспарды енгізу телекоммуникациялар желісінің барлық деңгейінде жаңа операторлардың пайда болуы және айқын бәсекелестікті дамыту үшін қажетті шарт болып табылады.

Ұлттық нөмірлік жоспар Қазақстанның 7-ші дүниежүзілік нөмірлік аймаққа тиістілігін сақтайды.

Жаңа жоспар көптеген операторлардың тең құқылық желісі когломераты ретінде ұлттық желіні қалыптастыруға бағытталады. Ол жалпы ұлттық мүдделер мен байланыс операторының мүдделерін есепке ала отырып әзірленеді.

#### 4.1.4. Әмбебап қол жеткізуді қамтамасыз ету

Әлемнің көптеген елдері сияқты, мемлекет жұрттың қолы жетер деп қарайтын Қазақстандағы қызметтер тарифтері оларды өндірудің өзіндік құнын жаппайды және бұл қызметтердің инфрақұрылымына қаржы жұмсауды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Әлемдік тәжірибе пайда болатын шығындарды қаржыландырудың екі негізгі тәсілін ұсынады:

1. Операторлар есебінен қаржыландыру. Соңғысы, өз кезегінде мыналар

арқылы жүзеге асырылады:

1) Нарыққа қатысушылардың аударымдарын шоғырландыратын және әлеуметтік маңызы бар қызметтерді ұсынатын операторлардың шығындарын өтеу үшін қаражат бөлетін арнайы қор құру;

2) елдің бүкіл аумағында әмбебап қол жеткізуді қамтамасыз ету жөнінде міндеттеме де және белгілі бір артықшылық та алған бір оператордың (ұлттық оператор) ішінде кросс-қаражаттандыру;

3) магистралдық және жергілікті телекоммуникациялар желілерінің операторлары арасындағы тікелей өзара есеп айырырудың тетіктерін пайдалана отырып, телекоммуникациялар саласының ішіндегі кросс-қаражаттандыру.

## 2. Мемлекеттік қаражаттандыру (демеуқаржы бөлу)

Бұдан басқа, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыру жағдайында, байланыс операторларына жүктелген мемлекеттік міндеттемелерді (қорғаныс, төтенше жағдай органдарының, жұмылдыру резервтері және т.б. мүдделерінде арналарды резервте сақтау) орындауды қамтамасыз ету қажет.

Бүгінгі күні көпшілік қолданыстағы қызметтерді жаппай ұсыну жөніндегі міндеттемені мемлекет "Қазақтелеком" ААҚ-ға жүктеген. Көпшілік қолданыстағы қызметтерді қамтамасыз етуге байланысты және ішкі шығындарды қаржыландыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Ұлттық оператордың ерекше мәртебесі жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілері үшін қалааралық және халықаралық байланыстың айрықша құқығы түрінде "Қазақтелеком" ААҚ-ға берілген. Бүгінгі жағдайда бір ғана операторға жауапкершілік жүктеу ең қолайлы жол деп есептеледі, себебі республиканың барлық аймағында қол жеткізудің бірыңғай өлшемдерін ең аз басқарушылық және транзакциялық шығындар негізінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Алайда жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілері үшін қалааралық, халықаралық байланыс қызметі рыногына сөз жүзіндегі абсолюттік монополияның болуы телекоммуникациялар қызметі рыногында бәсекелестікті дамытуды тежейді, оның үстіне айрықша құқықтарды іс жүзінде сақтау екіталай.

Сол себепті де рынокты ырықтандыру мен монополиядан шығару процесінде әлеуметтік жүкті барлық операторларға біркелкі бөлу жолымен және белгілі аумақта көпшілік қолданыстағы қызметтерді ұсыну міндетін алған операторлардың шығынын толтыру арқылы әмбебап қол жеткізуді ашық қаржыландыру тетігіне өту қажет.

Байланыс саласындағы уәкілетті органның басым міндеттерінің бірі көпшілік қолданыстағы қызметтерді ұсынуды ұйымдастыруға демеуқаржы бөлудің айқын және ұтымды тетігін әзірлеу және бекіту болады.

Бұл тетікті іске асыру үшін:

Орта мерзімді кезеңге арналған сапаның берілген параметрлері бар

телекоммуникациялардың көпшілік қолданыстағы қызметтерінің ең аз тізбесін байланыс саласындағы уәкілетті органның нормативтік кесімімен бекіту;

Қазақстан Республикасының Жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісінің ұлттық байланыс операторы туралы ережені, оның ұлттық қауіпсіздік жағдайларын және ел аумағындағы әмбебап қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін, оның қысқа мерзімді кезеңге басқа операторлармен салыстырғандағы артықшылықтарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекіту;

тиісті ережелер мен әдістемені әзірлеу қажет.

4.1.5. Ұлттық оператордың телекоммуникациялық рыноктың тең құқылы қатысушысына айналуы

Ұлттық оператордың және инвестициялар көлемі әлеуметтік маңызды, бірақ операциялық-шығынды қызметтер желісін қолдау деңгейі тиімділігі жоғары халықаралық байланыс қызметінен түсетін кіріс көлеміне тура тәуелді болғандықтан, оған тек көпшілік қолданыстағы қызметтерді көрсетуге міндеттемелер берілген кезеңге "Қазақтелеком" ААҚ-ның меншіктік құқықтарын нақты сақтауды қамтамасыз ету аса маңызды.

Айрықша құқықты қамтамасыз етудегі негізгі жүктеме ұлттық оператордың айрықша құқықтарын бұзатын операторларды ескерту және жауапкершілікке тарту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және ұдайы жүргізуге тиіс байланыс саласындағы уәкілетті органға жүктеледі. Осыған байланысты халықаралық трафикті бағыттауға мемлекеттік бақылауды күшейту қажет, Callback (кері шақыру) және Refile (белгіленген, қазіргі бағыттау ережесінің бұзылуы, трафиктің сыртқа кетуі) қызметтерін ұсынуға рұқсат берілмеуі керек.

Ұлттық ақпараттық супермагистраль құрылысы (ҰАСМ), әмбебап қызметтерді қаржыландыру тетігін әзірлеу және енгізу аяқталғаннан кейін айрықша құқық алынып тасталады. Ұлттық оператордың бәсекелестік телекоммуникациялық рыногының тиімді қатысушысына айналады. "Қазақтелеком" ААҚ мерзімнен бұрын айрықша құқығын жоғалтқаны үшін өтемақы бөлігінде мемлекеттік қолдаудың шаралары көзделетін болады.

4.1.6. Көпшілік қолданыстағы қызметтерге қатысты тарифтік саясат

Көпшілік қолданыстағы қызметтердің ұлттық рыногындағы тарифтік саясаттың негізгі мақсаттық қағидаты абоненттер санаттары арасындағы шекті өшіру арқылы бірдей сападағы бірдей қызметтерге тарифтер теңдігі болып табылады. Орындау процесінде тарифтер құрылымы өзгертін, сондай-ақ теңесетін тарифтерді қайта теңгеру және олардың құрылымын өзгерту жоспарын әзірлеу қажет. Оларды өндіру мен ұсынудың шығынына сәйкес жергілікті телефон байланысы қызметінің тарифі өседі, бірақ онымен бір мезгілде кіріссіз қызметтерді кросс-қаражаттандырудың қажеттігі жойылатындықтан,

халықаралық байланыс қызметінің тарифі едәуір төмендейді.

#### 4.1.7. Ішкі рынокты қорғау

Ұлттық және экономикалық қауіпсіздікті сақтау мақсатында шетелдік телекоммуникациялар алыптарымен тең бәсекелестік үшін алғышарттар жасауды қамтамасыз ететін шаралар қабылдануы тиіс. Тіпті болмағанда ұлттық ақпараттық супермагистралды (ҰАСМ) жасау аяқталғанға дейінгі кезеңде және сәйкесінше ұлттық желі мен оның операторлары басқа елдердің желілері операторларымен бәсекелестікке дайын болғанға дейін, ішкі операторларға қатысты мемлекеттік сүйемелдеуді жүзеге асыру және Қазақстанның ұлттық телекоммуникациялар рыногында шетелдік операторлардың қызметіне уақытша т о с қ а у ы л д ы қ о л д а у қ а ж е т .

Кейінгі жылдары әлемде жер бетіндегі телекоммуникациялар желілерін құру экономикалық тиімсіз аудандарда байланыс ұйымдастыру үшін пайдалануға болатын төменгі және орта орбиталарды пайдаланумен ғаламдық дербес жылжымалы спутниктік байланыс жүйесін (ҒДСЖБ) құру жөнінде қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасының аумағында мұндай жүйелер жұмысының құқықтық негізін әзірлеу қажет (радиожиіліктерді меншіктеу және пайдалану ақысы, рұқсат құжаттарын алу, терминалдардың трансшекаралық жылжуы бөлігінде). ҒДСЖБ немесе Инмарсат үлгісіндегі халықаралық жүйенің элементі болып табылмайтын спутниктік байланыс операторларына міндетті талап Қазақстан аумағында басқару орталығын және биллинг жүйесін орналастыру болуға тиіс. Бұл жер бетіндегі (белгіленген) желілер операторларына да қ а т ы с т ы .

4.1.8. Кең ауқымды халықаралық ақпарат транзитіндегі Қазақстанның б ә с е к е л е с т і к а й қ ы н д а м а с ы

Қазақстан Республикасы оның аумағы арқылы ТМД елдерінің еуропалық республикаларын ортаазиялық республикалармен қосатын кабелдік магистральдар өтетін аса ұтымды географиялық орынға орналасқан. Алайда, елдің осы әлеуетті елеулі артықшылығы бүгінгі күні аса тиімді түрде пайдаланылмай отыр. Тіпті, шекаралас мемлекеттер тарапынан халықаралық трафик ағындарын тасымалдауда және балама транзиттік арналарын ұсынуда Қазақстанды айналып өтуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар қабылдануда.

Мұның негізгі себебі, осы кабельдік магистральдарда ескірген аналогтық байланыс жабдықтарын пайдалану бұл елдерді меншікті спутниктік цифрлық байланыс арналарына өтуге мәжбүр етеді, бұл өз кезегінде арналарды жалға берудің жылдан жылға қысқаруына әкеп соғады. 1997 жылы Қазақстан арқылы жалға алынған транзиттік арналардың саны 12505 болса, 2000 жылы оның ж а р т ы с ы қ ы с қ а р ғ а н .

Байланыстың цифрлық арналары бойынша халықаралық транзиттік трафикті

ұлғайту үшін қолданыстағы Транс-Азия - Еуропа (ТАЕ) магистралінің қазақстандық учаскесіне қосымша Азия аймағындағы елдердің Ресейге және Кавказ елдеріне шығу мүмкіндігін қамтамасыз ететін талшық-оптикалық және цифрлық радиорелелік байланыс желісінің құрылысымен қоса, Қазақстанның барлық облыс орталықтары мен өзге де маңызды әкімшілес мекендерін қамтитын Ұ А С М құрылысы жүргізілуде.

ҰАСМ оңтүстік учаскесі - Транс-Азия-Еуропалық магистральдың қазақстандық бөлігі, Қытай-Алматы-Тараз-Шымкент-Өзбекстан бағыты бойынша пайдалануға 1998 жылдың қазанында берілді, оның құрылысына 20 ел қатысты, Шанхайдан (Қытай) басталады және Франкфурт-на-Майнеде (Германия) аяқталады. Әзірше ТАЕ жобасы транзиттік трафикті ұлғайту жөніндегі оған жүктелген үмітті ақтай алмай отыр. Бұған себеп иран және түрік ұлттық сегменттері сапасының төмендігі, сондай-ақ консорциумның қаржылық саясаты болып табылады.

Астана-Павлодар-Өскемен-Талдықорған-Алматы және Ақтау-Атырау талшық-оптикалық байланыс желісін Баку-Ақтау су асты кабелді байланыс желісімен қосу үшін ҰАСМ Шығыс тармағын салу жобаланып отыр. Бұл байланыс желілерін қолданысқа енгізу Еуропамен, Ресеймен, Қытаймен, Түркиямен және кавказ республикаларымен трафик транзитін ұйымдастырудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады.

Транзиттік арналарға сұранысты көбейту мақсатында трафик транзитіне есеп айырысулар бойынша аса икемді есептік ставкалар енгізіледі. Біздің еліміздің бәсекелестік айқындамасын сақтау және күшейту міндеті тек экономикалық қана емес, сонымен қатар саяси да болғандықтан:

осы мәселеге мемлекеттік басқару мен реттеудің барлық деңгейлерінің назарын күшейту;

басқа мемлекеттердің транзиттік трафигін тарту жөніндегі шараларды қолдану;

транзиттік операциялар үшін жеңілдіктер ұсыну мүмкіндігін қарастыру қажет.

#### 4.1.9. Инвестициялық саясат

Телекоммуникация саласындағы инвестициялық саясат, бірінші кезекте қызмет түрлерін кеңейту мен операторлар санын көбейтуге негізделген адал бәсекелестікті дамытуды, бірінші кезекте бәсекелестердің санын көбейту үшін инфрақұрылым негізін жасау жолымен ынталандыруы тиіс. Бұл жерде инфрақұрылым жасаушы операторларды оператор-провайдерлерден айыра білу қажет. Инфрақұрылымдар мен желілерді құру телекоммуникациялар саласындағы мемлекеттік инвестиция саясатының басымдығы болады.

Осы тұжырымдаманы орта мерзімді перспективада іске асыру шеңберінде

мемлекеттік тұрғыдан басым салалар мен жобалар:

талшық-оптикалық және цифрлық радиорелелік байланыс желілерінің құрылысынан басқа, магистральдық желіде, ал сонан соң ішкі аймақтық телекоммуникациялар желілерінде аналогтық жабдықты цифрлық жабдықпен толық ауыстыру енетін ҰАСМ құруды аяқтау. Байланыс желілері жобаларын әзірлеу және салу кезінде теміржол, энергетикалық кешен және басқаларының - басқа көлік желілері иелерінің мүмкіндігі барынша пайдаланылуы тиіс;

жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желілерімен еліміздің бірыңғай өзара үйлестірілген желісін құрайтын мемлекеттік органдардың ведомстволық желілерін жетілдіру;

телефон байланысын, деректер беруді, қашықтық оқытуды және медицина диагностикалық орталығына теле- қол жеткізуді қоса алғанда, село тұрғындарының ақпарат алмасуға қол жеткізуін кеңейту;

қосылулардың құнын есептеудің уақыттық жүйесін барлық жерлерге енгізу;

Қазақстанның бас қаласының желілерін жаңарту және кеңейту.

Көрсетілген салалардағы инвестициялық қызметті мемлекет операторлардың тікелей инвестициялар тартуын, мысалы, қаржы рыногына бағалы қағаздарды орналастыруын көтермелеу жолымен, ынталандыруы тиіс.

4.2. Телекоммуникациялар рыногын ырықтандыру және монополиядан шығару кезеңдері

Қазақстанда телекоммуникациялар қызметтерінің дамыған және тиімді жүйелерін қалыптастырудың аса маңызды факторларының бірі телекоммуникациялар қызметі рыногын кезең-кезеңмен ырықтандыру және монополиядан шығару жолымен бәсекелестікті дамыту болып табылады. Бұл процестің кезеңдерін мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының жалпы деңгейімен, ұлттық қауіпсіздік және бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету міндеттерімен байланыстыру қажет.

Осы кезеңде бәсекелестікті дамыту мынадай факторлармен іркіледі: жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісі үшін қалааралық, халықаралық байланыс рыногында "Қазақтелеком" ААҚ заңдастырылған монополиясының болуы;

жергілікті және, әсіресе, ауылдық телефон байланысына өндірістің өзіндік құнын жаппайтын, мемлекет реттейтін тарифтердің болуы;

жалпы пайдаланыстағы телекоммуникация желілерінің басым бөлігіне иелік ететін "Қазақтелеком" ААҚ басымдық жағдайы;

тұтынушылардың төмен төлем қабілеттілік сұранымы және оның елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты біркелкі бөлінбеуі.

Толық ашық нарыққа өту бір мезеттік болуы мүмкін емес, телекоммуникация саласында бәсекелестік ортаны құру және салаға мемлекеттің бақылау-қадағалау

функцияларын күшейту болып табылатын - ырықтандырудың негізгі мақсатынан шыға отырып, республика азаматтарының конституциялық құқықтарын іске асыруға залал келтірмейтін оператор қызметінің тартымдылығын қамтамасыз ететін алғышарттар қалыптастырылуы тиіс.

Осылайша, Қазақстанда ырықтандырылған байланыс рыногына көшуді елдің экономикалық, әлеуметтік және технологиялық дамуының барлық аспектілерін назарға ала отырып, кезең-кезеңмен жүзеге асыру қажет.

#### 4.2.1. Жергілікті байланыс рыногын құруға алғышарттар

Бәсекелестік ортаны құру - бұл бірінші кезекте ашық және құқықтары шектелмеуін реттеуге негізделген теңдестірілген телекоммуникациялар рыногын құру болып табылады. Өз кезегінде теңдестірілген рынок теңдестірілген тарифтерді, әмбебап қызмет көрсетулерді енгізу және оларды қаржыландыруды, сондай-ақ мемлекеттік қажеттіліктерді (үкіметтік байланыс қызметтерін, жұмылдыру резервтеріне байланысты шығындарды, Азаматтық қорғаныс мүдделерінде пайдаланылатын желілерді ұстауды) бюджет есебінен қаржыландыруды білдіреді.

Қазіргі кезде жергілікті желілерді қолдану арқылы қызмет көрсету аясы заңнамада табиғи монополия ретінде белгіленген және тарифтер мемлекеттің реттеуіне жатады. Телекоммуникациялар саласындағы толық нарықтық қатынастарға одан әрі қадам басу:

операторлар үшін елдің барлық аумағында жалпыға қол жетімді қызметтерді ұсынуға арналған тартымды экономикалық жағдайлар жасауды, атап айтқанда, осындай қызмет түрінен келетін шығындарды өтеу тетігін жасауды;

телекоммуникацияның осы секторындағы бәсекелестіктің дамуына қарай табиғи монополия саласына жатқызылған, телекоммуникация саласындағы қызмет түрлерін нақтылау бөлігінде "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу ұсыныстарын және теріс пиғылды бәсекелестіктің алдын алу мақсатында байланыс операторларының қызметін реттеу әдістерін әзірлеуді көздейді.

Жергілікті рыноктардағы бәсекелестік тек әмбебап қол жеткізуді қаржыландыру тетігін енгізу кезінде ғана экономикалық мағынаға ие болатындықтан, орта мерзімді перспективада телекоммуникациялық қызмет көрсетулерге тарифтерді реттеудің бірлескен рәсімін белгілеу қажет, ал монополияға қарсы реттеу органдары әмбебап қызмет көрсетулердің қол жеткізімді бағасын, сондай-ақ байланыс операторларының басқа да заңнамалық кесімдер негізінде адал бәсекелестікті сақтауын бақылауы тиіс.

#### 4.2.2. Қалааралық және халықаралық байланыс рыногын құруға алғышарттар

Қазіргі кезде "Қазақтелеком" ААҚ кірістік және шығыстық қалааралық, халықаралық байланысқа айрықша құқығы Қазақстанның барлық аумағында



көпшілік қолданыстағы қызметтерді ұсынуға қаржылық мүмкіндікті қамтамасыз етеді.

Сондықтан, осы рынокты ырықтандыру алдында әмбебап қол жеткізуді ұйымдастырудың және қаржыландырудың баламалы тетігі пайда болуы керек.

Халықаралық байланысты ырықтандыру үрдісі барысындағы тағы бір маңызды мәселе кірістік халықаралық байланысқа операторлардың есептік ставкаларын реттеу болып табылады.

Халықаралық байланысты ұйымдастыру кезінде әр түрлі елдер операторларының арасындағы әлемде қабылданған есеп тәжірибесі трафик бірлігіне келетін есептік ставка ұғымына негізделеді, бұл - өз елінің аумағында шетелдік оператор орындайтын шақырудың аяқталғаны (терминацияланғаны) үшін оператор алатын ақы. Ставканың мөлшері шақыруды аяқтауды ұйымдастыру үшін оператор жұмсаған ұлттық ұзарту ұзындығы мен ресурстар көлеміне байланысты. Екі елдің операторларының өзара есеп айырысуы кезінде кіріс трафигінің көлемі шығыс трафигінің көлемінен асатын елдің операторы ақшалай қаражаттың таза ағынын алады.

Трафикті аяқтау үшін төлем есебіне "Қазақтелеком" ААҚ шетелдік операторлардан едәуір таза валюта қаражаты ағынын алады (2000 жылы 18,34 млн. доллар). Бұдан басқа, көрсетілген жағдайды сақтау мақсатында қоғам есеп айырысу ставкасының жоғары деңгейін және сәйкесінше, халықаралық операторлар тарапынан төлемді тұрақты ұстап тұрады.

Кіретін халықаралық байланысты монополиядан шығару шетелдік әріптестермен есеп айырысу үшін есептік ставка өлшемін еркін белгілейтін операторлардың пайда болуын білдіреді. Бір жағынан, осы операторлар "Қазақтелеком" ААҚ тәрізді халықаралық бедел мен сондай үлкен абонент желісіне таяу перспективада ие болмағандықтан және ие бола алмайтындықтан, екінші жағынан әлеуметтік міндеттемелері болмағандықтан және бәсекелестік күресте тарифтерді төмендетуге ұмтылатындықтан, есеп айырысу ставкалары төмендейді. Тиісінше, есептік ставкалардың төмендеуі Қазақстанға түсетін соманы және мемлекеттік бюджетке түсетін қаржы үлесін азайтады. Келтірілген есептерге қарай көптеген бағыттар бойынша жағдай өзгереді және қазақстандық операторлар басқа елдерге төлем төлеуге мәжбүр болады, бұл ретте валюталық түсімдердегі шығын жылына 25 млн. доллардан астам соманы құрайды.

Орта мерзімдік перспективада трафиктің ауытқуы Қазақстанның пайдасына сақталатындықтан, мемлекет жақын арадағы бес жылда олардың күрт төмендеуіне мүмкіндік бермей, ставкалардың деңгейін реттеуі тиіс.

Бұдан басқа, алыс байланыстың ашық рынокқа қозғалысы Қазақстан Республикасының өзара байланысқан телекоммуникациялар желілерінің техникалық қайта жабдықталуымен байланысты болуы тиіс. Мемлекеттік саясат

магистралдық операторларды, соның ішінде қазіргі заманғы цифрлық байланыс магистральдары құрылысын қаржыландыратын инфрақұрылымдық компаниялар негізінде, ынталандыруға бағытталуы, бірақ бұл ұлттық цифрлық супермагистрал құрылысын аяқтауға бөгет жасамауы тиіс.

Осылайша, қалааралық, халықаралық байланыс рыногының ашылу үрдісі мына кезеңдерден өтетін болады:

Бірінші кезең. Телекоммуникация рыногын ішінара ырықтандыру.

Жаңа нөмірлік жоспарды, жергілікті сөйлесулердің құнын есептеудің уақыттық жүйесін, сондай-ақ телекоммуникация желілерін өзара қосуды, ырықтандырудың жаңа ережелерін енгізуді қамтитын жергілікті телефон байланысы рынокты ырықтандыру бағдарламасын іске асырғаннан кейін болуы мүмкін. Жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісінің бір бөлігін құрайтын меншікті желі құрған лицензиялы оператор қалааралық және халықаралық байланысты тек өз желісінің абоненттеріне ұсына алады. Трафик ауытқуы есебінен шетелден едәуір қаражат тартудың орын алған үрдісі сақталуы үшін, олардың төмендеуіне мүмкіндік бермей, Қазақстанның халықаралық операторлары үшін есептесу ставкаларының бірыңғай деңгейін реттейтін мемлекеттік уәкілеттік органның реттеу тетігін енгізу қажет, сондай-ақ кіретін трафик үшін олардың арасында кірісті бөлу тетігін енгізу қажет.

Бірінші кезеңге даярлық 2004 жылы мынадай нәтижелермен аяқталуы тиіс:

жергілікті байланыс рыногында бәсекелестік ортаны құру;  
қалааралық және халықаралық байланыс рыногында қазақстандық байланыс операторлары санынан бәсекелестердің пайда болуы;  
телекоммуникация нарығының жоғары инвестициялық тартымдылығы.

Екінші кезең. Телекоммуникация рыногын толық ырықтандыру.

Ұлттық цифрлық супермагистральдың құрылысы аяқталғаннан кейін және қалааралық және халықаралық жер бетіндегі байланыстың цифрлық магистральдық арналарын пайдалану жөніндегі баламалар пайда болғаннан кейін мүмкін. Кез келген жергілікті желі абоненті өз еркімен қалааралық және халықаралық байланыс қызметін ұсынатын кез келген байланыс операторын таңдай алады. Бұл жағдайда жергілікті байланыс операторының абонент таңдауын шектеуге құқығы жоқ.

Екінші кезеңге даярлық 2006 жылы аяқталуы тиіс.

#### 4.2.3. Операторлардың өзара қосылуы

Операторлардың телекоммуникациялар желілерінің өзара қосылу қағидаты рынокты ырықтандыру дәрежесімен анықталады және орта мерзімді перспективада осы желілерді техникалық дамытуға байланысты тасымалданады. Қазіргі кезде операторлар жалпы пайдаланыстағы телекоммуникация желісі арқылы бір желіні екінші желіге қосады, немесе белгілі шарттарды сақтай

отырып, бұл құқықты ұлттық оператор қосушы операторға береді.

Жаңа нөмірлік жоспарды енгізу аяқталғаннан кейін белгілі санаттағы (бір деңгейдегі) желілердің иелері-операторлар өзара қосылуларды өз бетінше жүзеге асыра алады.

Уақыт бойынша есептеуді енгізу аяқталғаннан кейін түрлі деңгейдегі операторлар бір-біріне өз бетінше қосыла алады.

Жергілікті деңгейдегі операторлармен әділетті және ашық өзара қарым-қатынасты құру тек бүкіл ел көлемінде желінің барлық деңгейлерінде уақыттық есепке алуды енгізгеннен кейін ғана мүмкін болатынын атап өту қажет. Биллингтің сертифицикатталған жүйесі желісінде трафиктің міндетті түрде бар болуы туралы талап жергілікті телефондық байланыс қызметін ұсыну құқығына рұқсат алудың міндетті шарттарының бірі болуы тиіс.

4-кесте. Телекоммуникациялар рыногын толық ырықтандыруға даярлық кезеңдері.

---

1-кезең шамамен 2003 жыл	2 кезең шамамен 2005 жыл
Алғышарттар:	Алғышарттар:
- Уақыт бойынша есепке алу жүйесін енгізуді аяқтау	- Ұлттық супермагистрал шеңбері құрылысын аяқтау
- Жергілікті желілерді 50% деңгейге дейін цифрландыру	
- Ұлттық нөмірлік жоспар	

---

Шығынды бағалау:	Шығынды бағалау:
70 млн. доллар	110 млн. доллар

---

Нәтиже	Нәтиже
Өзінің меншікті желілерін құрған операторлар үшін ырықтандыру	Толық ырықтандыру

---

Тұтастай алғанда ырықтандыру бағдарламасын іске асыру барысында мынадай іс-шаралар орындалады:

1. Техникалық негізді қамтамасыз ету:

1) жергілікті телефон қосылуларының уақыт бойынша құнын есептеу

жүйесін енгізу - 2001-2003 жылдар;

2) телекоммуникацияның жергілікті желілерін 60%-дық деңгейге дейін цифрландыру - 2001-2005 жылдар;

3) жаңа нөмірлік жоспарды әзірлеу және бекіту - 2001 жыл, жаңа жоспарға көшу - 2002-2003 жылдар.

2. Рыноктағы тең құқықты бәсекелестік үшін жағдайларды қамтамасыз ету:

1) Рыноктың барлық секторларының кірістілігін қамтамасыз ету үшін тарифтерді қайта теңестіру - 2002 жыл;

2) телекоммуникациялық қызмет көрсетулеріне әмбебап қол жеткізімдікті қаржыландыру тетігін әзірлеу және іске асыру - 2002 жыл;

3) лицензиялаудың жаңа ережелерін әзірлеу және енгізу - 2002 жылдың 1 қаңтарына ;

4) операторлардың телекоммуникациялар желілері түйіндесуінің жаңа ережелерін әзірлеу және енгізу - 2002 жылдың 1 қаңтарына;

5) кіретін трафиктен түсетін түсімді бөлу тетігін әзірлеу және іске асыру - 2003 жылдың 1 қаңтарына .

3. Ұлттық бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету:

1) Ұлттық супермагистрал құрылысын аяқтау - 2001-2005 жылдар.

4. Телекоммуникация саласын тиімді мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету:

1) "Байланыс туралы" Z990382\_ , "Лицензиялау туралы" Z952200\_ , "Табиғи монополиялар туралы" Z980272\_ Қазақстан Республикасының Заңдарына өзгерістер енгізу - 2003-2005 жылдар;

2) қосылу үшін өзара есептесулерді, телекоммуникация желілерінің желілік ресурстарын пайдалану және трафикті өткізуді қоса алғанда телекоммуникация қызметтерінің тарифтерін реттеудің табиғи монополияларды реттеу жөніндегі уәкілетті органмен бірлескен рәсімін әзірлеу - 2002 жылдың 1 қаңтарына дейін;

3) телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін ұсынуды ұйымдастыруға демеуқаржы тетіктерін құруды және пайдалануды қамтамасыз ететін қажетті нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу - 2002-2003 жылдар;

4) ДСҰ талаптарына сәйкес байланыс саласындағы уәкілетті органды ( Реттеушіні) қайта ұйымдастыруды іске асыру бағдарламасын және қажетті нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу - 2006 жылдың қаңтарына дейін.

4.2.4. Телекоммуникациялар саласын ырықтандырудың салдарлары

Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласын ырықтандыруды жүргізу нәтижесінде мыналарға қол жеткізу күтіледі:

адал ниетті және бәсекелестікке қабілетті ортамен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ДСҰ кіру өлшемдерімен сыйымсыз жалпы пайдаланыстағы телекоммуникациялар желісінің ұлттық операторы қазіргі уақытта жүзеге асыратын пайдалы қызмет көрсетулер есебінен ішкі шығынды

кросс-қаражаттандырудан бас тарту;  
жергілікті телекоммуникациялар желілерінде және ауылдық жерлерде қазіргі уақытта шығынды байланыс қызметтерін ұсынуға жаңа операторларды тарту;  
екі немесе одан да көп телекоммуникациялардың магистралдық желілері операторларының пайда болуы;  
жергілікті телекоммуникациялар желілерінде шын бәсекелестікті жасау;  
тұтынушыларды байланыс операторларын таңдау құқығымен қамтамасыз ету ;  
бүтіндей алғанда телекоммуникациялар саласының салық салынатын базасын кеңейту ;

саланың қаржы салымы тартымдылығын едәуір арттыру.

#### 4.3. Жаңа технологиялардың дамуы

##### 4.3.1. Жаңа технологиялардың даму үрдісі

Қазақстанда жаңа технологияларды дамытудың негізгі бағыттары ұлттық телекоммуникация инфрақұрылымының бәсекелестікке қабілетті талаптарымен және қоғамның қажеттілігімен анықталады.

XXI ғасыр адамзат қызметінің барлық саласына кең ауқымды өзгерістер әкелетін ғасыр, индустриалдық қоғамнан ақпараттық қоғамға өту ғасыры болмақ. Оның негізгі құрамдас бөлігі қуатты көліктік телекоммуникациялық желілерге және тұтынушыларға ақпарат ұсынуға рұқсат беруге бөлінген желілері бар Ғаламдық ақпараттық инфрақұрылым (ҒАИ) болып табылады.

Қазақстан мүшесі болып табылатын Халықаралық электр байланыс одағының (ХЭО) 1994 жылы Киотода өткен өкілетті мәслихаты ХЭО-ның негізгі стратегиялық мақсаты ғаламдық ақпараттық инфрақұрылым құру екендігін атап өтті. Бұл экономика мен әлемдік кірігудің дамуын ынталандыратын қажетті шарттардың бірі. Бүгінде кез-келген мемлекетті ақпараттандыру оның экономикалық дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады, сондай-ақ компьютерлендірілген құралдар мен ақпараттық технологияға көшу құралы болып табылады. Телекоммуникацияларды жетілдіру мен дамыту ел өнеркәсібінің дамуын үдетуге септігін тигізеді, ішкі және сыртқы рынокта отандық ұйымдардың (кәсіпорындардың) табысты қызметіне, сондай-ақ шетелдік инвестицияларды тартуға жағдай жасайды. Қазіргі заманғы телекоммуникация қызметтерін халықтың көпшілігінің пайдалануына мүмкіндік беру әлеуметтік экономикалық дамыған қоғамның белгісі, тұрмыс деңгейін арттырудың аса маңызды шарттарының бірі.

Осыны негізге ала отырып, телекоммуникациялар саласы дамуға тиіс негізгі басым бағыттардың бірі ретінде телекоммуникация жүйелерін және аппараттық-бағдарламалық құралдарды әзірлеу және шығару жөніндегі өндірушілер мен отандық ғалымдар мүмкіндігін бір мезгілде пайдаланатын

ұлттық ақпараттық супермагистрал құру таңдап алынды. Басым бағыттар бойынша жұмыстарды аяқтау мынадай нәтижелерге әкелуі тиіс:

бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру үшін негіз болып табылатын ұлттық көліктік телекоммуникациялық желілердің пайда болуы, деректер беруге арналған желілік технологияларды дамыту, көпшілікке қызмет көрсетулердің интеллектуалдық желілерін құру және кең белдеулі қызметтерді ендіру;

транзиттік телекоммуникациялық әлеуетті жоғарылату;

халықаралық реттеу органдарының техникалық ұсынымдарын және стандарттарын пайдалану негізінде телекоммуникацияның ұлттық желісінің ғаламдық байланыс желілерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

ақпаратты өңдеу және қызмет көрсету желілерін кеңейтілген ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында ыңғайлы нысанда қол жетерлік баға және кепілдендірілген сапа бойынша келістіру;

почтаның шағын саласына жаңа қызмет көрсетулер енгізу мүмкіндігін қамтамасыз ету және почта-жинақ жүйесін дамыту;

жеке меншік бизнес аясы өнімділігінің күрт үдеуі (электрондық сауда және есептесулер, сондай-ақ бизнесті электрондық жүргізу);

көліктік қызмет көрсетулерді оңтайландыру;

қашықтықтан оқыту, мектептерді қоса алғанда оқу орындарын ақпараттандыру, ғылыми кооперация;

ақпараттық қызмет көрсетулерді жекелеу және сапасын жақсарту, тележұмыс, әлемдік ақпараттық ресурстарға, әлемдік мәдениет жетістіктеріне араласу;

мемлекеттік органдардың әкімшілік, бақылау қызметтерін оңтайландыру;

анықтамалық жұмыс, іс жүргізу, есеп беру тетіктерін жетілдіру.

Қазіргі уақытта байқалып отырған желілер мен технологиялардың конвергенциясы (жақындасуы) инфокоммуникациялық мультисервис негізделетін база болып отыр.

Түрлі трафиктердің: компьютерлік деректер, сөз, бейнеақпарат кірігуі орын алатын болады.

4.3.2. Байланыстың кең жолақты қызметтерін ұсыну үшін желілер құру

(А) Интернет және мультимедиа

Қазақстанда мультимедиа қызметтерінің кең ауқымды желілерін құрудың және қызмет көрсетулерін ұсынудың прогрессивті сипаты туралы сеніммен айтуға болады. Кең ауқымды мультимедиа сервисінің желілерінің мультимедиа сервисінің қосымша дамуы - қашықтықтан оқыту, электрондық коммерция, интерактивті теледидар, Интернет желісіне өтуге қол жетімдік - тұтынушыға аса көп қызмет көрсетулер ұсынады. Хабар таратудың кең арналарымен қатар оларды пайдаланушыларға бейнерепортаждармен алмасу, бейнемәслихаттар мен телекөпірлер жүргізу үшін интерактивті байланыс та қажет болады. Кең хабар

тарату арналарының Интернет қызмет көрсетулерімен кірігу үрдісі жалғасады. Қазірдің өзінде Интернеттен түрлі радиостанциялардың хабарларын тыңдап, бейнероликтер көруге болады. Уақыт өте келе Web-беттерге келу мен теледидар бағдарламаларын ауыстыру арасындағы шекараны жоятын жаңа интерактивті қызмет түрлері жасалатын болады.

Қазақстанда Интернет желісіне қол жеткізімдікті барлық қалаларда 80 байланыс операторлары ұсынады, пайдаланушылардың саны шамамен 2000 а д а м д ы қ ұ р а й д ы .

(Б) Компьютерлік телефондама.

Бүгін әлемде телефон байланысының екі жүйесі қалыптасуда: рынок үшін күресте бәсекелесетін телекоммуникацияның дәстүрлі желісі және компьютерлік телефондама. Дәстүрлі телефондаманың осы күрестегі бір артықшылығы бүкіл әлемде абоненттердің өте үлкен саны және цифрлық желілер есебінен хабардың айтарлықтай жоғары сапасын қамтамасыз етеді. Интернет-телефондама абонент санының аздығы мен хабардың нашар сапасы кезінде тым төмен тарифтермен ерекшеленеді. Интернеттегі нөмірлеу жүйесі пайдаланушының тұрған орнымен байланысты емес, сондықтан тарифтер хабар берілетін қашықтыққа тәуелді емес. Дәстүрлі телефондама түрлі қашықтыққа тарифтер де түрліше.

Интернет-телефондаманы кеңейту ұзақ мерзімдік перспективада бір жағынан телекоммуникация желілерін дамытудың жалпы үрдістерімен, екінші жағынан - дәстүрлі телефон байланысының өсуінен едәуір асатын мәліметтерді тарату, түрлі қосымшалары бар тақырыптық қызметтерінің өсу қарқынымен а й қ ы н д а л а д ы .

Қазақстанда 2000 жылдан бастап Интернет-телефондама қызмет көрсетулерін ұ с ы н у ғ а р ұ қ с а т е т і л д і .

(В) Интеллектуалдық желілер.

Қазіргі кезде интеллектуалдық желінің барлық қызмет көрсетулері әлемнің жетекші операторларының желілерінде үлкен сұранысқа ие болуда. Капитал салымдарының жылдам өтімділігінен басқа бұл жаңа қызмет көрсетулердің үлкен санын жылдам және жеткілікті жай ендіру және жұмыс істеп тұрған жабдық қызметінде қандай да бір кідірістердің болмау мүмкіндігі. Осындай қызмет көрсетулерді ұсыну бойынша алғашқы қадамдар Қазақстанда да ж а с а л у д а .

(Г) Кең жолақты желілер ISDN.

Бұрын Интернет желісі күнделікті тұрмысқа енбей тұрғанда үлкен өткізу жолағы бар желілер үшін артық ақша төлеудің мағынасы жоқ болатын. Қазір Web үлкен коммерциялық түйін және мультимегабайттық файлдарды толтыру үшін ең көп мүмкін болар өткізу жолағы талап етіледі. ISDN әлі де қазіргі кезде іс жүзінде қол жетімді өткізудің кең жолағын қамтамасыз ететін жалғыз

технология болып табылады. Сол арқылы кең жолақты қызмет көрсетулерді сатуға болатын қол жетімділіктің жаңа желілерін салудан басқа Қазақстанның байланыс операторларында бар қол жетімді желілерінің сипаттамаларын тексеру, оларға баға беру және қажет болған жағдайда жаңа желілерге айырбастау жөніндегі жұмыстардың үлкен көлемін орындау қажет.

ХЭО дамушы елдерге бұл іс-шараларды жүзеге асыруға қолдау көрсетуді ж о с п а р л а п о т ы р .

(Д) Кабельдік және спутниктік теледидар.

Қазақстанда кабельдік және спутниктік желілерді пайдаланып теледидар хабарларын тарату үдемелі қарқынмен дамитын болады. Одан басқа, кері арнасы бар жүйені іске асыру мүмкіндігі түрлі қосымша мультимедиа қызметтерін ұйымдастыруға жағдай туғызады: интерактивті теледидар (сұраным бойынша бейне, кабельдік жүйені пайдаланатын сатып алушылар мен банктік есеп айырысулар, кабельдік жүйелердегі Интернет және телефондама), жерсеріктік медиасервис (Интернет, мәліметтер хабарлау, жаңалық жинау, бағдарламаларды с п у т н и к а р қ ы л ы ж е т к і з у ) .

Теледидарлық хабар тарату жүйелері бойынша мәліметтер тарату ақпаратты бір көзден көптеген тұтынушыға жеткізу талап етілетін қолданбалы салаларда қажет, себебі, байланыс құралдарына салынатын салымдарды үнемдеуге, оны жеткізудің уақтылығы мен географиялық қамтуына байланысты артықшылық береді (филиалдары көп кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер, бұқаралық ақпарат құралдары, Интернет қызметтерін көрсетушілер).

Қазақстанда спутниктік хабарлау қызметтерін тек бір, кабель теледидарының қызметтерін жеті байланыс операторлары көрсетеді, алайда жаңа лицензия алуға өтініштер санының өсуі және бірінші кезекте облыс орталықтарында кабельдік теледидар желілерінің дамуы болжанып отыр.

4.3.3. Мобильді байланыс  
(А) Ұялы байланыс

Политехнологиялық - қазіргі заман кезеңіндегі жылжымалы байланыстың дамуына тән ерекшелік. Түрлі елдерде әртүрлі технологиялар мен стандарттардың негізінде іске асырылатын жылжымалы байланыс желілерінің жағымды және жағымсыз жақтары бар. Жылжымалы байланыс өзінің техникалық-экономикалық сипаттамалары, қызметтерінің сапасы мен пайдалану масштабы бойынша тіркелген байланысты таяу он жылда басып озады.

Соңғы жылдарда әлемдегі жылжымалы байланыс қызметтерін көрсету рыногында байқалып отырған өткір бәсекелестіктің салдарынан барлық үш негізгі технологиялардың, атап айтқанда GSM, D-AMPS, CDMA дамуы мына негізгі үш бағыттар бойынша жүзеге асырылады: қосымша қызметтердің санын арттыру желі сыйымдылығы мен бөгеу алаңын өрістету, құнды кеміту және



радиоинтерфейсті өткізу жолағын кеңейту Қазақстанда ұялы байланыс қызметтерін 4 байланыс операторы көрсетеді, олар GSM, D-AMPS, CDMA стандарттарын пайдаланады. Пайдаланушылардың саны 100000 асты. 2002 жылы конкурс өткізіліп DCS-1800 ұялы байланыс стандарты желісін ұйымдастыруға арналған лицензия берілетін болады. Қазақстанда IMT-2000 (W-CDMA, CDMA-2000) жылжымалы байланыстың үшінші буын стандарттарын енгізу жақындап келеді, олар бір 5 МГц арнасында тарату жылдамдығы 8 Кбит/с-тен 2 Мбит/с дейінгі шектердегі бірнеше әртүрлі қызметтерді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бір ғана арнада сөз бен мәліметтерді сол бір терминалға жіберуді талап ететін нақты мультимедиа ақпаратты қамтамасыз ете отырып, пакеттер коммутациясы қызметінің сигналдары бір арнада жіберілуі мүмкін. ХЭО қазіргі уақытта осы байланыс желілеріне барлық елдер мүдделі қажетті радиожилікті бекіту мәселесін шешуде, бұл проблема Қазақстанда да көбінесе әлеуетті құрылымдар пайдаланатын радиожилік спектрін конверсиялау жолымен шешіледі.

#### (Б) Абоненттік сымсыз қол жеткізімділік.

Ғаламдық телекоммуникациялардың жылдам дамуына және тұтынушылар талаптарының өсу шамасына орай желі құру және оны кеңейтуге жұмсалатын шығындарды қысқарту үшін сымсыз абоненттік қол жеткізімділік (WLL) технологияларына негізделген техникалық шешімдердің маңызы арта түсуде. Қазіргі уақытта WLL желілеріне тіркелген қол жеткізімді жүйелер (стационарлық абоненттер) мен мобильдігі шектеулі дәрежедегі жүйелер (жаяу жүргіншінің жылдамдығы) жатады. Бүгінгі күні рынокта бір-бірінен құрылымымен, техникалық параметрлерімен және ең бастысы, шешілетін міндеттердің түрлерімен ерекшеленетін абоненттік көп радиоөту желілері пайда болды, ұялы жылжымалы байланыс стандарттарының негізіндегі немесе технологиялар негізіндегі жүйелер (NMT-450, AMPS, D-AMPS немесе GSM), сымсыз телефондама стандарттары негізіндегі жүйелер (CT-2, DECT). Қазақстанда NMT-450, CT-2, DECT стандарттарының негізінде радиоөту желілерін пайдалану үшін радиожиліктерді конверсиялау мәселесі шешілуде.

## 5 . Қ о р ы т ы н д ы

Байланыс қызметтері рыногын қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қалыптастыру мен ендіру негізінде тез дамыту, өмірдің барлық жақтарын ғаламдандыру мен ақпараттандыру үдерістерін дамыту жалпы әлемдік үрдістер арнасында Қазақстан экономикасының осы сегментін тиімді дамытуды қамтамасыз етуге тартылған республиканың телекоммуникациялық рыногын мемлекеттік реттеу аспаптарын

мұқият және ойластырылған түрде таңдауды талап етеді.

Осы Тұжырымдаманы қабылдау рыноктық үрдістерді ынталандыру негізінде де және жалпы мемлекеттік сипаттағы міндеттерді іске асыруды қамтамасыз ететін іріктеу-сұрыптау тетіктерін қолдану арқылы да телекоммуникациялар рыногының дамуына жаңа серпін береді.

Бұл ретте телекоммуникациялар саласының барлық мәселелері тек осы саланы тиімді дамыту тұрғысынан ғана қаралып қоймай, онымен бірге Қазақстанның жетілдіруге жататын телекоммуникациялар желілерінің ықтимал мүмкіндіктерін толық пайдалану негізінде республиканың бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру тұрғысынан да қаралады.

Анағұрлым жалпы жағдайларда телекоммуникациялар саласындағы осы Тұжырымдаманы іске асыру ғаламдық телекоммуникациялар мен ақпараттандыру желілерінің қазіргі заманғы барлық талаптарына жауап беретін меншікті тәуелсіз және тиімді желі құруды болжайды.

1. Мемлекеттік басқару органдарының, заңды тұлғалар мен тұрғындардың телекоммуникациялық қызметтердің барлық түрлерін алу жөніндегі қажеттіліктерін толық қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігінің инфрақұрылымдық бөлігі - біртұтас техникалық және ұйымдастырушылық идеологиясы негізінде жұмыс істейтін және дамитын телекоммуникация желілерінің қазіргі заманғы түрі құрылатын болады.

2. Телекоммуникациялар саласын ойдағыдай дамыту әлемдік экономикалық және мәдени байланыстардың нығаюына ықпал жасайтын Қазақстанның стратегиялық дамуының шешуші факторларының бірі болып табылады.

3. Ортаазиялық аймақтағы коммуникация инфрақұрылымында Қазақстан Республикасының көшбастаушылық айқындамасы қамтамасыз етіледі.

4. Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азия - Еуропа және Орта Азия - Ресей бағыттарында едәуір ақпараттық ағындарды қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық транзиттік торап ретінде тұрақтануы болады.

5. Бесжылдық кезеңнің соңына қарай телекоммуникациялық қызмет көрсетулер рыногының барлық секторлары толығымен ашық және бәсекелестік жағдайында болады.